

БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕ ТОҒЫСЫ

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті – еліміздің өндіріс, техника және инженерия салаларына жоғары білікті мамандарды даярлаудағы беделді оқу орындарының бірі. Университеттің қабырғасында сапалы білім алып, кәсіби бағытта шыңдалған түлектер бүгінде еліміздің түрлі мекемелері мен кәсіпорындарында жауапты қызметтер атқарып келеді. Бұл университетте берілетін білім мен тәжірибенің өмір жолындағы маңызын айқын көрсетеді.

Осы оқу ордасының түлегі, 2006-2010 жылдары НГ-06-6к тобында білім алып, 050732 – «Стандарттау, метрология және сертификаттау» мамандығын тәмамдаған Айнұр Маханбетова қазіргі таңда «Қазақстан стандарттау және сертификаттау орталығы» ЖШС директорының орынбасары қызметін атқарып келеді. Жуырда Айнұр Садуовна университеттің ММГ-25-6к тобының 1-курс студенттерімен кездесіп, өзінің кәсіби

тәжірибесімен бөлісті.

Кездесу барысында ол М.Әуезов атындағы ОҚЗУ-де алған білімінің үлкен өмірге жол ашып, жауапты қызметтерге жетелеуге негіз болғанын ерекше атап өтті. Сонымен қатар, ол студенттерге университет қабырғасында тек білім алып қана қоймай, ғылыммен айналысып, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысудың маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, білімге деген талпыныс пен

еңбеккөрлік әрбір жасты биік белестерге жетелейді.

Бұл бағыттағы мамандық – «Стандарттау, метрология және сертификаттау» – қазіргі өндіріс пен нарықтық экономика жағдайында аса сұранысқа ие. Ол өнім сапасын бақылау, халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету және өндірістік қауіпсіздікті арттыру сияқты маңызды салаларды қамтиды. Бұл мамандықты игерген түлектер мемлекеттік мекемелерде, өндіріс орындарында, сынақ және сертификаттау орталықтарында жоғары сұранысқа ие болып, тұрақты әрі беделді қызметтерге қол жеткізе алады.

Тағылымы мол бұл кездесу студенттердің мамандыққа деген қызығушылығын арттырып, болашаққа деген сенімін нығайтты.

**А.ҚАЙСАРОВА,
Ж.ҮСЕНОВА,
М.КЕНЖЕХАНОВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚЗУ**